



**ШЕШІМ**

2021 жылғы 23 шілдедегі

Алға қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ 58

город Алга

**Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 468  
«2021-2023 жылдарға арналған Бестамақ ауылдық округ бюджетін бекіту  
туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

**ШЕШТІ:**

1. Алға аудандық мәслихатының «2021-2023 жылдарға арналған Бестамақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 468 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7928 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«1. 2021-2023 жылдарға арналған Бестамақ ауылдық округ бюджеті тиісінше 1,2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 86 016 мың теңге:

салықтық түсімдер – 7 577 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 78 439 мың теңге;

2) шығындар – 89 409,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -3 393,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 3 393,7 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 3 393,7 мың теңге.»;

6 тармақ келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«2 000 мың теңге - елді мекенді абаттандыру мен көгалдандыруға.».

2. Көрсетілген шешімдегі 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алға аудандық мәслихатының  
хатшысы**

**М. Тулеуов**